

НАЗАРҒА! Келісімнің түрі әмбебап болып табылады. Төменде көрсетілген дербес деректерді жинауға және өңдеуге субъектінің келісім беруі субъектінің тізімде көрсетілген өзінің дербес деректерін беруі керек дегенді білдірмейді. Субъект Банкке сәйкес қызметті көрсету үшін операция орындау/мәмілені орындау үшін талап етілетін дербес деректердің көлемін беретін болады

ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУҒА ЖӘНЕ ӨНДЕУГЕ КЕЛІСІМ

Субъект «Альфа-Банк» ЕБ АҚ (бұдан ары – «Банк») және үшінші тұлғаларға ¹, субъекті (өкілі субъект болып табылатын) мен Банк арасында жасалған (жасалуы мүмкін) кез келген мәмілелерге/операцияларға техникалық қызмет көрсету және/немесе орындауға және/немесе жасауға қатысы бар және/немесе қатысы болуы мүмкін субъектінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге, қағаз түрінде, сондай-ақ электронды түрде, алқаптарда және/немесе Банктің деректер қорында/деректер қорының операторлары үшінші тұлғалардың деректер қорында болатындарға, өзінің сөзсіз, нақты, ақпараттандырылған және саналы келісімін береді.

1. Дербес деректер – электронды, қағаз және/немесе басқа материалды түрде жазылған тасығыштардағы субъектіге қатысты кез-келген мәліметтер, құрамында келесілер болуы мүмкін (қоса, бірақ шектелмей):

i) **сауалнама толтыруға, сондай-ақ тиісті сәйкестендіруге/аутентификацияға/авторландыруға мәліметтер** тегі, аты, әкесінің аты; азаматтығы; жеке басын растайтын құжаттың деректері; жеке дара сәйкестендіруші нөмір; туған күні және деректері; жынысы; фото/видео; қолы (өз қолы немесе электрон-цифрлі); биометриялық деректері; сәйкестендіру/аутентификация/авторландыру үшін қолданатын мөр, факсимиле, алгоритмдер, кодтар (цифрлі, әріптік, символ қолданатын және комбинацияланған) сәйкестендіруші сөздер немесе сәйкестендіруші кодтар және басқа да мәліметтер;

ii) **отбасы/элеуметтік жағдайы туралы мәліметтер:** некеге тұру туралы куәлік, жұбайының тегі, аты, әкесінің аты туралы деректер, жұбайының төлқұжат мәліметтері; асырауындағылардың және/немесе басқа отбасы мүшелерінің болуы/болмауы; туысқандық деңгейі, басқа отбасы мүшелерінің, асырауындағылардың тегі, аты, әкесінің аты және туған күндері, қамқоршысы және/немесе ресми өкілі субъект болып табылатын және субъект құқыққа сай билетін басқа деректер және Банкке ерікті түрде берген жеке тұлғалардың тізімі;

iii) **байланысты қолдау үшін, сондай-ақ сәйкестендіруге/аутентификацияға/авторландыруға мәліметтер қажетті деректер** тіркелген орны, нақты орналасқан (келген) орны, жұмыс орны мен қызметі; телефон нөмірі (үй, жұмыс, ұялы тел., ID-телефон нөмірлерінің шифрленген сәйкестендірушісі), электронды пошта мекенжайы; мекенжай анықтамасындағы ақпарат және т.б.;

iv) **Банктің қызмет көрсетуімен байланысты деректер (операция жүргізу, мәміле жасау, әрекеттер орындау):** шарттардың (келісімдердің), оған қатысты қосымша келісімдердің мәтіндері, өтініштер мен келісімдер, хат-алмасу, операция жүргізу туралы нұсқаулықтар (төлем, қасалық және басқа құжаттар), құқық белгілеуші құжаттар, төлем карточкаларының және банктік шоттардың нөмірдері және т.б.;

v) **іскерлік қатынастардың мақсаты мен сипаты туралы деректер;**

¹ Оның ішінде, сенім білдірілген тұлға, заңды өкілдер, кепілгерлер, кепілдік білдірушілер, кепіл берушілер, бірге қарыз алушылар, сақтандырушылар, аудиторлар, жеке және мемлекеттік кредиттік бюро/деректер қорының операторлары және т.б. (бұдан кейін үшінші тұлғалар)

vi) білімі, кәсіби қызметі, қызметтік жағдайы, іскерлік беделі туралы деректер: білімі, кәсібі, біліктілігі (біліктілікті арттыруды қоса), қызметі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, кәсіби палаталарда/ұйымдарда мүшелігі, шет тілдерін игеруі және басқа мәліметтер; жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік деректері, лицензиялайтын әрекетті жүргізуге лицензия деректері, аттестаттар, патенттер, дипломдар, сертификаттар; сотталғаны/сотталмағаны туралы ақпарат, қылмыстық/әкімшілік жауапкершіліктер артылуы туралы ақпарат;

vii) субъектінің несиелік (басқа) тарихы туралы деректер, субъектінің төлем қабілеттілігін бағалауға қажетті деректер: зейнетақы аударымдары, ресми, өзі мағлұмдайтын және басқа да кірістер мен шығыстары туралы мәліметтер және т.б.); банктік/дербес/баланстық шоттың болуы/болмауы туралы мәліметтер (шоттардың, шоттардың арнайы карталарының нөмірлері, түрі, орналастыру несиелердің (қарыздардың), банктік шоттарының болуы/болмауы туралы деректер (оның ішінде шоттың арнайы картасы), ақша ақша қаражаттары және құнды қағаздар туралы, оның ішінде сенім білдірілген басқармадағы және сенім білдірілген сақтаудағы (шарттардың деректері, оның ішінде шот нөмірлері, шоттардың арнайы карталары, банктік карталардың нөмірлері, банктік карталар бойынша кодтық ақпарат, несие тарихының кодтары, алынатын жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайлары, несие (қарыз) сомасы мен валютасы, несиелеу мақсаты, несиелеу талаптары, кепіл туралы мәліметтер, шоттар бойынша қалдықтар және қозғалыс сомалары, банктік карталардың типі, лимиттер мен басқа мәліметтер);

viii) тиісті қызмет көрсету және оны жақсарту үшін, ұсынылатын қызметті дербестендіру, сонымен қоса қашықтан қызмет көрсетуге қажетті мәліметтер: көрсетілген қызметтердің тарихы және мінездің паттерндер, қолданылатын құрылғы туралы және құрылғыдағы датчиктерден мәліметтер, айналадағы объектілер туралы мәліметтер (мысалы, WI-FI қолжетімді нүктелері, ұялы байланыс антенналары және қосулы Bluetooth модулі бар құрылғылар), метамәліметтер, cookie-файл мәліметтері, cookie-сәйкестендіргіштер, пикселдер тегі, IP-мекенжайлар, браузер және операциялық жүйе туралы мәліметтер және т.б.;

viii) мүлкі (мүліктік) жағдайы туралы деректер: міндеттемелер бойынша қамтамасыз ету болып табылатын субъектінің мүлкі және/немесе үшінші тұлғалардың мүлкі, сондай-ақ субъектінің басқа (кез-келген) мүлкі туралы деректер, осындай (кез-келген) мүліктің бейнесі (фотосуреті) кез-келген форматта және т.б., мүлікке ауыртпалық (шектеу) боуы/болмауы туралы мәлімет; сәйкестендіруші деректер, тіркеудің болуы (болмауы) туралы деректер, ауыртпалықтар; мүліктің жалпы сипаттары; құны; мүліктің мекенжайы (орналасқан жері), мемлекеттік тіркеу туралы деректер және басқа мәліметтер);

ix) Банкке қажетті басқа деректер, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес сауалнама толтыруға, досье (клиенттік/жеке істің) қалыптастыруға (оның ішінде, субъектінің заңды тұлғалардың капиталына қатысуы туралы ақпарат – қатысу үлесі, акциялар саны (үлесі); алатын қызметтері, сондай-ақ осындай деректердің өзгеруі және/немесе толықтырылуы туралы ақпарат; өкілі субъект болып табылатын заңды тұлғалардың тізімі), Банктің мәліметтер базасы операторымен, Банк контрагенттерімен, үшінші тұлғалармен өзара әрекеті үшін қажет;

сондай-ақ

x) жоғарыда көрсетілген деректердің өзгеруі және (немесе) толықтырылуы туралы ақпарат.

2. Субъектінің дербес деректерін жинау, өңдеу және пайдалану (оның ішінде, жинау, өңдеу және қағаз түрінде (немесе) электронды форматта Банктің алқаптарында және (немесе) деректер қорында сақтау), оның ішінде, келесі мақсаттар үшін іске асырылады:

1) Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетуі мүмкін банктік және/немесе басқа қызметтерді алуға субъектінің өтінімін қарастыру үшін (өкілі субъект болып табылатын тұлғаның өтініштері);

2) субъектіге қызмет көрсету үшін (өкілі субъект болып табылатын тұлғаға) Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған банктік және/немесе субъектіге көрсетілетін басқа қызметті көрсету үшін (өкілі субъект болып табылатын тұлғаға) Банк сәйке шарттардың (келісімдер) талаптарында, операцияларды/төлемдерді орындау, қате аударылған сомаларды қайтару, сомаларды іздеу және т.б.;

3) Банкпен мәмілелер жасасу мүмкіндігін қарастыру үшін және жасасу үшін, Банктің операциялар жүргізуі, Банктің әрекет субъектілері көрсеткен әрекеттерін (нұсқаулықтарын) орындау;

4) ақша аударымдарын жүргізу үшін субъектінің дербес деректерін Банк субъектінің контрагентіне ұсынуы мүмкін (өкілі субъект болып табылатын тұлғаның контрагентіне) және солар арқылы аударым/бағытталу/процессинг, субъектінің тапсырмалары (өкілі субъект болып табылатын тұлғаның тапсырмалары) өтетін барлық банктерге/процессингтік ұйымдарға/Халықаралық Төлем Жүйелеріне (төлем жүйелерге)/төлем сервистерін жеткізушілерге (мобильдік) (Apple Pay, Samsung Pay, Garmin Pay және т.б.);

5) тапсырмалар, бұйрықтар, өкімдер шеңберінде мәмілелер/операциялар жасау/жасасу/орындау үшін, және т.б. оның ішінде, Қазақстан Республикасының ұйымдасқан/ұйымдаспаған бағалы қағаздар нарығында, халықаралық ұйымдасқан/ұйымдаспаған шетел нарығында субъектінің дербес деректерін Банк есептік/клирингтік ұйымдарға, депозитарийлерге, кастодиандарға, шетелдік кастодиандарға, қор биржаларына, халықаралық есептік (төлем) жүйелерге, субъекті контрагенттеріне берілуі мүмкін (өкілі субъект болып табылатын тұлғаның контрагентіне) және солар арқылы мәмілелер жасауға/операциялар орындауға аударым/бағытталу/тапсырмалардың және/немесе бұйрықтардың процессінгі өтетін барлық банктерге/процессингтік ұйымдарға;

6) ішкі бақылау мен Банктің есебі үшін, сондай-ақ бақылау жасау үшін және субъектінің және және Банктің сәйкес шарттар (келісімдер) бойынша өз міндеттерін тиісті орындағанын растау үшін (өкілі субъект болып табылатын тұлғаның контрагентіне);

7) Банктің (қаржы мониторингі ретінде) өз клиентін іскерлік қарым-қатынас орнату кезінде және клиенттің операциясын орындау кезінде, тиісті тексерісті орыну үшін, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, валюталық бақылау функциясын орынау кезінде;

8) Қазақстан Республикасы заңнамасына және тиісті шарттардың талаптарына сәйкес рұқсат етілмеген операцияларды азайту мақсатында Банктің клиентті сәйкестендіру/аутентификациялау/авторландыру және субъект/Банк берген/ұсынған мәліметтерді/деректерді/алгоритмдерді/кодтарды/символдарды/сәйкестендіргіштерді/нөмірлерді және т.б. (оның ішінде, Банктегі және Банкке қолжетімді басқа да бар дереккөздерден жеке және басқа да мәліметтерді алу/салыстыру арқылы) сенімділігін (дұрыстығын) тексерумен байланысты іс-шааларды (міндеттеді) орындау үшін;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен орнатылған, мерзімдердің ішінде бухгалтерлік есепте пайдаланылатын бастапқы құжаттарды сақтау және есепке алу жөніндегі Банктің міндеттерін орындау үшін;

10) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа нормативті құқықтық актілері орнатқан, құжаттарды, материалдарды, досьелерлі сақтау бойынша міндеттерін орындау үшін;

11) Банк пен субъекті арасында (өкілі субъект болып табылатын тұлға) сәйкесінше шарттар (келісімдер) бойынша операциялар жасағанан растау үшін, субъектінің және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осынедай құқығы бар үшінші тұлғаның сұрауы бойынша;

12) Банктің құқықтыран соттық және соттан тыс қорғау үшін: (i) қазіргі шарттар (келісімдер) бойынша міндеттемелер бұзылған жағдайда; (ii) даулы оқиғалар туындаған жағдайда, үшінші тұлғалармен даулы оқиғаларды қоса;

13) Банктің коллекторлық агенттіктермен және/немесе басқа мамандандырылған тұлғалармен немесе соларға сәйкес шарттар (келісімдер) бойынша берешекті өндіріп алу бойынша шаралар тапсырылатын Банктің жұмысшыларымен/өкілдерімен жұмыс жасау мақсатында, осындай шарттар (келісімдер) бойынша міндеттемелер бұзылған жағдайда, сондай-ақ кепіл мүлкін сатумен байланысты саудаласу жүргізген жағдайда;

14) бұқаралық (ашылған) деректерді және мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру үшін, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып;

15) бір қарыз алушыға тәуекелдің ең жоғарғы мөлшерін есептеу үшін және пруденциалды және басқа нормативтерді сақтау және лимиттерді есептеу үшін, және «мөлдірлікті» сақтау үшін;

16) Банктің үшінші тұлғалармен өзара әрекеттесуі үшін (үшінші тұлғалардың бір бірімен бірлесіп әрекет етуі үшін) субъект (өкілі субъект болып табылатын тұлға) пен Банк арасында жасалған (жасалуы мүмкін) кез-келген мәмілелер/операциялар жасауға және/немесе орындауға және/немесе қызмет көрсетуге қатысы бар және/немесе қатысы бар;

17) Есептілікті және/немесе ақпаратты ұсыну/алу үшін уәкілетті органдарға, аудиторлық, бағалау және басқа құзыретті ұйымдарға, мемлекеттік және жеке несие бюросына, акционерлерге және/немесе Банктің бірлескен тұлғаларына, мәліметтер базасының операторларына, Банк контрагенттеріне жүгіну;

18) математикалық, статистикалық және мінез-құлық үлгілерді, ақпараттық жүйелерді, мәліметтер базасын (оның ішінде талдау, модельдеу, болжау) жасау, сақтау және қолдану үшін;

19) сәйкестендіру/аутентификациялау/авторландыру/ және жайларға/ғимараттарға/кеңселерге/Банктің ақпараттық жүйесіне енуге рұқсат беру мақсаттарында және Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған шектеулерді ескерумен, Банктің қауіпсіздік режимін қамтамасыз ету үшін;

20) ақпарат алмасу үшін, оның ішінде субъектінің (және/немесе үшінші тұлғалардың) жүгінуін қарастыру үшін және/немесе есептер ұсыну, шағымдар, ұсыныстар, арыздар, тапсырыстар және т.б., субъектінің мекенжайына (өкілі субъект болып табылатын тұлғаның мекенжайына) курьердің, курьерлік қызметтің, экспресс поштаның және т.б. қызметтері арқылы алу/жебіру (жеткізу) үшін корреспонденция (пошта) беру (алу);

21) Субъект (өкілі субъект болып табылатын тұлға) мен Банк арасында жасалған шарттар (келісімдер) бойынша талап ету құқықтарын Банктің шегінуі үшін, егер осындай шегіну сәйкесінше субъект (өкілі субъект болып табылатын тұлға) мен Банк арасында жасалған шарттардың (келісімдердің) талаптарында қарастырылса (сондай-ақ жасасу мақсаттарында және/немесе Банктің секьюритизация мәмілелерін сатуы үшін);

22) маркетингтік мақсаттар үшін субъектіге кез-келген ақпараттық материалдарды ұсыну (қайта ұсыну, үшін оның ішінде, Банктің өнімдері және/немесе қызметтерін, сондай-ақ басқа мәлімдемелерді, телефон арқылы, факсимильді байланыс арқылы, басқа байланыстың түрі арқылы, сондай-ақ байланыстың ашық арналары бойынша (оның ішінде SMS, e-mail, факс, әлеуметтік желілер, push-хабарламалар және т.б.);

23) Ары қарай банктік қызмет көрсету үшін маркетингтік және жарнамалық акцияларды жасау үшін, субъектінің қатынас тарихын ескере отырып (өкілі субъект болып табылатын тұлға) Банкпен, Банк немесе Банк серіктестр сервисі ұсынған дербестендіру;

24) Субъектіге (өкілі субъект болып табылатын тұлғаға) банктік және басқа қызмет көрсету шеңберінде сервистік қызмет көрсететін, үшінші тұлғалармен Банктің өзара әрекеттесу үшін;

25) Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген (бекітілуі мүмкін) немесе субъект пен Банк арасында жасалатын шарттармен және субъект Банкке және/немесе Банк субъектіге жіберетін құжаттармен қарастырылған басқа мақсаттар үшін.

3. Сондай-ақ, субъекті өз келісімін береді:

1) субъектінің жеке, биометрикалық және/немесе басқа деректерін (әрі қарай – деректер) несие бюросына деректерді беруге, онымен жасалған шарттың/келісімнің (әрі қарай – серіктес) негізінде Банкке қызмет көрсетуге уәкілетті Банктің және оның серіктесінің жинауына, өңдеуіне, оның ішінде мәліметтерді кредиттік бюроға беруіне;

2) зейнетақы жарналарын және зейнетақы төлемдерін тарту және сақтау бойынша іс-әрекетті орындаушы заңды тұлғаға шектеусіз субъектінің деректерін, несие бюросына беруге;

3) несие бюросына субъект туралы ақпараты бар және болашақта түсетін, зейнетақы жарналары мен зейнетақы төлемдерін тарту және сақтау бойынша іс-әрекеттерді орындайтын заңды тұлғаға беруге, сондай-ақ Банкке жоғарыда көрсетілген ақпаратты несие бюросына беруге;

4) Банкке субъект туралы бар және болашақтағы ақпаратты зейнетақы және жәрдемақы төлеу бойынша іс-әрекеттерді орындайтын заңды тұлғаға беруге;

5) несие бюросы Банкке субъект туралы ақпаратты деректердің бірыңғай сақтандыру базасынан деректердің бірыңғай сақтандыру базасының субъектісі ретінде беруге;

6) Банкке, несие бюросына, мәліметтер базасы операторына, несие бюросы, мәліметтер базасы операторы Банкке субъект туралы ақпараттың деректерін мемлекеттік және мемлекеттік емес базалардың беруіне – барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес базалардан деректерді тура немесе үшінші тұлғалар арқылы;

7) Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе несие бюросы арқылы Банкке және несие бюросына субъект туралы бар және болашақта түсетін ақпаратты басқа органның шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша іс-әрекеттерді атқарушы заңды тұлғаға беруге.

4. Осы арқылы, субъект мынаны растайды:

- банктік құпияны құрайтын ақпаратты қорғау режиміне ұқсайтын режимде Банк субъектілерінің дербес деректерін қорғау туралы Банк хабарлады, егерде өзге де талапта Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленбеген болса;

- дербес деректерді жинау және өңдеуге осы жазбаша келісім қайтарып алуға жатпайды, егер бұл Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келсе, немесе Банктің алдында орындалмаған міндеттеме болған жағдайда;

- Банк Қазақстан Республикасының заңдарында орнатылған жағдайдарда, субъектінің келісімінсіз, дербес деректерді жинау мен өңдеуге құқылы, оның ішінде басқа банктерде және/немесе ұйымдарда, кез-келген, Банк Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған, берешекті өндіріп алу бойынша шараларды жүргізу мақсатында;

- Банк субъектіден және кез-келген үшінші тұлғалардан субъектінің дербес деректерін жинауға (алуға) және өңдеуге құқылы, сондай-ақ субъектінің жеке деректерін үшінші тұлғаға беруге құқылы (трансшекаралық беруді қоса)/жалпыға көрінетін жерлерде дербес деректерді таратуға, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және халықаралық құқықтың талаптарын (халықаралық шарттардың талаптарын) ескерумен;

- егер субъекті мен (өкілі субъект болып табылатын тұлға) және Банк арасында сәйкесінше шарт(-тар)пен/келісім(-дер)мен жасалған жағдайда, субъектінің дербес деректерін Банк байланыстың ашық арналары бойынша жіберуі қарастырылса/қарастырылатын болса (транс шекаралық беруді қоса), субъект үшінші

тұлғалардың санкцияланбаған түрде ақпаратты алу тәуекелін сезінеді және өзіне осындай тәуекелді алады;

- осы келісім Қазақстан Республикасының заңнамасында бектіліген тәртіпте субъектінің дербес деректерімен кез-келген әрекет (операция) немесе осындай әрекеттердің (операциялардың) жиынтығын жасау құқығын береді, оның ішінде, автоматтандыру құралдарын пайдаланып немесе соңғысын қолданбай жасалатындар, мыналарды қоса, бірақ шектелмей, жинау, өңдеу, жазу, көшіру, резервтік көшіру, қорғау, скрининг, жүйелеу, жинақтау, Банктің ішінде және оның сыртында сақтау (қауіпсіздік және құпиялылық талаптарын сақтаумен), нақтылау (өзгерту, жаңарту), шығару, пайдалану, беру (тарату, ену рұқсатын беру, оның ішінде, үшінші тұлғаларға субъектінің дербес деректерін өңдеу құқығымен, транс шекаралық беруді қоса), тұлғасыздандыру, оқшаулау, жою, жоғалту, оның ішінде Банктің нұсқауы бойынша осы әрекеттерді үшінші тұлғаның орындауы, егерде бұл Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмесе;

- осы келісімді Банк оның ішінде Субъектінің және/немесе өкілі субъект, және/немесе субъект бірінші басшы, бас бухгалтер, акционер/қатысушы және т.б. болып табылатын заңды тұлға болып табылатын заңды тұлғаның алу кезінде пайдалануы мүмкін, кезкелген өнімдер, банктік және/немесе Банкте басқа қызметті, сондай-ақ осындай заңды тұлғаның Банкпен (контрагентпен сияқты) мәміле жасау кезінде;

- Банктің үшінші тұлғалардан алуы туралы субъектіге хабарлау және/немесе Банктің субъектінің дербес деректерін үшінші тұлғаларға беруі кезінде хабарлау талап етілмейді, осындай дербес деректер хабарлаусыз-ақ, Банкмен жиналып, өңделіп, жіберілуі мүмкін;

- осы келісім үшінші тұлғаларға ұсынылуы мүмкін, субъектінің дербес деректерін жинау және өңдеуге келісімді субъектінің Банкке бергендігінің дәлілі ретінде болады.

5. Осы келісім Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін кез келген тәсіл арқылы ұсыныла алады (оның ұсынылуы расталған), қоса алғанда, бірақ келесілермен шектелмейді:

- жазбаша қағаз нұсқада;
- электрон-цифрлі қолмен қойылған электрон құжат түрінде;
- Банк анықтатын Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін қорғау әрекеттері элементтерін қолданумен кез келген басқа тәсілдер (телефон немесе басқа байланыс құралы арқылы, интернет-ресурстардың арнайы белгіленген алаңында тиісті белгі қою арқылы, келісім беруді білдіретін әрекеттерді көрсететін ақпараттық жүйелерде, аппарат-бағдарламалық кешендерде, бағдарламалық қамсыздандыруда немесе сервистік бағдаламалық өнімде (мысалы пайдалануды жалғастыратын));
- Әрекеттерді қорғаудың мұндай элементтері ретінде мөр, алгоритмдер, кодтар (цифлі, әіптік, символ қолдану және комбинацияланға) сәйкестендіру сөздері және сәйкестендіргіш кодтар, шифрлеу, биометриялық мәліметтер және Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да қорғау тәсілдері жатады.